

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің атқару құжаттарын атқаруының тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 ж. 14 сәуір N 151 Бұйрық .
Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 304 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 304 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Шәженова Д.М.) бір апта мерзімде қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және "Заң" Медиа-корпорация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне хабарласын.*
- 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

Министр
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 6 т а м ы з д а ғ ы
N 304 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
күші жойылған кейбір бұйрықтарының
тізбесі

1. "Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің атқару құжаттарын атқаруының тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 14 сәуірдегі N 151 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 748 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 1999 ж., N 10, Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 226 бұйрығымен өзгеріс енгізілген) . . .

-
1. Қоса беріліп отырған мына құжаттар бекітілсін:
 - республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің атқару құжаттарын атқаруының тәртібі туралы Н ұ с қ а у л ы қ ;
 - соттардың бюджеттік қаражат жөніндегі шешімдерін атқару жөніндегі құжаттарды тіркеу журналы (Нұсқаулыққа 1-қосымша);
 - соттардың ақылы қызметтер көрсетуден түсетін қаражат шоттары бойынша шешімдерін атқару жөніндегі құжаттарды тіркеу журналы (Нұсқаулыққа 2-қ о с ы м ш а) .
 2. Қазынашылық комитеті, қазынашылықтың аумақтық органдары мен қаржылық органдар, мемлекеттік мекемелер, инкассалық өкімдерді және атқару құжаттарын атқару кезінде осы Нұсқаулықты басшылыққа алсын.
 3. Заң қызметі департаменті (Қанатбеков Ғ.Ы.) осы Нұсқаулықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

4. Күші жойылды деп танылсын:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 74 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылық атқарылуы жөніндегі Уақытша нұсқаулықтың 80-тармағы;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 91 бұйрығы .

5. Осы бұйрық ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің*

орынбасары - Қаржы министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 4 с ә у і р д е г і
N 1 5 1 б ұ й р ы ғ ы м е н

**Республикалық және жергілікті бюджеттерден
қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің атқару
құжаттарын атқаруының тәртібі туралы
Нұсқаулық**

Ескерту: Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 12.06.2000 ж. бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің (бұдан әрі - Борышкер) азаматтық, еңбек, шаруашылық даулары, моральдық және материалдық залалдардың орнын толтыру жөніндегі атқару құжаттарын атқаруының тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алуға инкассалық өкім, соттардың шешімдері, үкімдері, анықтамалары және қаулыларымен берілген атқару парақтары мен бұйрықтары немесе ақшаны алу туралы соттың бұйрығы негізінде ұ с ы н ы л а д ы . < * >

3. Мемлекеттік мекемеге қойылған талаптарды қанағаттандыруды соңғысы ағымдағы жыл үшін бөлінген бюджеттік қаражаттардың, сондай-ақ шығыстарды экономикалық сыныптаудың 155 ерекшелігі бойынша қолданылатын заңдарға сәйкес, мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтер көрсетуден алатын қаражаттарының есебінен жүргізеді. Атқару құжаттарын атқаруда шығыстарды экономикалық сыныптаудың 155 ерекшелігі бойынша қаражаттар жеткілікті болмаған не жоқ болған жағдайда осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Инкассалық өкімдерді төлеу тәртібі

4. Инкассалық өкімді алған қазынашылықтың аумақтық органдары 3 банктік күн ішінде бұл туралы - Борышкерге, ал соңғысы - өзінің жоғары тұрған мекемесіне-бағдарламалардың әкімшісіне хабарлайды (егер Борышкердің өзі бюджет қаражатын бас басқарушы болмаса).<*>

5. Бюджет қаражатының лимиті не 155 ерекшелік бойынша қызметтер көрсетуден алынған қаражат болған жағдайда, Қазынашылық органы өкімді Борышкерге хабарланған күннен бастап егер нұсқаулардың шарттарымен өзгеше мерзім белгіленбесе ризалық нұсқау күнінен кейінгі операциялық күннен к е ш і к т і р м е й а т қ а р а д ы . < * >

6. Инкассалық өкімді атқару үшін бұрын бөлінген бюджет қаражатының не шығыстарды экономикалық сыныптаудың 155 ерекшелігіне арналған жоспарлы мақсаттардың қалдығын ауыстыру қажет етіліп, 155 ерекшелігі бойынша қаражаттар жеткілікті болмаған не жоқ болған жағдайда, Борышкер шығыстардың сметасына тиісті өзгерістер енгізу туралы өтінішімен жоғары тұрған мекеме-бағдарламалар әкімшісіне жүгінеді. Бұл ретте, егер өндіріп алушының талабын қанағаттандыру бұрын бөлінген бюджет қаражаты лимиттерінің қалдықтары есебінен жүзеге асырылса және оларды 155 ерекшелікке ауыстыру талап етілсе, ол республикалық бюджетте тұрса, онда

Борышкердің өтініші бойынша Қазынашылықтың аумақтық органы оған " Алынған міндеттемелерді ескере отырып, бюджеттік сыныптаманың ерекшеліктері бойынша бөлінген лимиттердің және кассалық шығыстардың қозғалу ведомосы" N 32-А нысаны беріледі, егер жергілікті бюджетте тұрса, қазынашылықтың жауапты атқарушысының "шығыс операциялары тоқтатылды" деген белгісі қойылады. Бағдарламаның әкімшісі, егер Борышкер республикалық бюджеттен қаржыландырылатын болса - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, егер жергілікті бюджетте болса - жергілікті қаржылық органға тиісті өтініш жолдайды. < * >

7. Республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарының бөлінісін өзгерту, сондай-ақ қаржыландыру мен қазынашылық және қаржылық рұқсаттар беру белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

8. Шығыстардың бөлінісіне өзгерістер енгізілген кезде, Борышкер мен бағдарламалардың әкімшісі Қазынашылық органдарында тіркелген тауарларды, жұмыстарды берушілер (қызмет көрсетушілер) алдындағы міндеттемелердің бар - жоғын ескеруі тиіс.

9. Инкассалық өкімдерді атқару үшін бюджеттік қаражаттарды бөлу қазынашылық рұқсаттарында және қаржылық рұқсаттарда, бұдан әрі министрліктің рұқсаттарымен және бюджеттік рұқсаттармен және бюджеттік қаражат лимиттерін төмен тұрған басқарушының рұқсаттарымен белгіленген тәртіппен шығыстарды экономикалық сыныптаудың 155-ерекшелігіне жүзеге асырылады. Тиісті (аталған) рұқсат алғаннан кейін аумақтық қазынашылық қаражатты ізденушіге Борышкердің төлем парағы не мемориалдық ордермен төлеу жолымен инкассалық ордерді атқарады. Бюджеттердің түрлері бойынша (жергілікті және республикалық) бөлек жүргізілетін, соттар шешімдерінің атқарылуы жөніндегі құжаттарды тіркеу журналында (N 1 және N 2 қосымшалар) жауапты атқарушы алдын-ала қарастырылған жазбалар жасайды.

Нұсқаулыққа 1-қосымша

(Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

Бюджет -----

(бюджеттің түрі)

Бюджеттік қаражат бойынша соттар шешімдерінің атқарылуы
жөніндегі құжаттарды тіркеу

Журналы

Келіп түскен		Инкассалық өкімдердің атқарылуы				рет		Мемлекет.	
құжаттардың		N				тік		деректемесі	
мекеменің									
коды		N/Инкасса.		Бюджеттік		Шотты		Рұқсаттарды	
		Мемор.		Атқарыл.					
		Кү		лық өкім.		сыныпта.		тежеу	
		ордер		ғандығы					
		ні		дердің		маның		және	
		уақыты		немесе		туралы			
		атқарылу.		коды		құжа.		төлем	
		белгі							
ының		ты		парағы.		мерзімі		жөнел	
				ның		N мен			
		ту		күні				күні	

1	2	3	4	5	6	7	8	9			
---	---	---	---	---	---	---	---	---	--	--	--

Нұсқаулыққа 2-қосымша

(Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

Бюджет

(бюджеттің түрі)

**Ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат шоттары
бойынша соттар шешімдерінің атқарылуы жөніндегі
құжаттарды тіркеу**

Журналы

Келіп түскен		Инкассалық өкімдердің атқарылуы				Мекеме		рет	
Мемлекет.		құжаттардың				шоты			
N		тік				деректемесі			
мекеменің									
коды		N/Инкасса.		Бюджеттік		Шотты		Мемор.	
		Атқарыл.							
		Кү		лық өкім.		сыныпта.		тежеу	
		ордер		ғандығы					
		ні		дердің		маның		және	
		уақыты		немесе		туралы			
		атқарылу.		коды		құжа.		төлем	
		белгі							
ының		ты		парағы.		мерзімі		жөнел	
				ның		N мен			
		ту		күні					

					к ү н і			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК